

**"Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын беру туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 31 тамыздағы N 903
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 24 қазандағы N 3716. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.28. N 691 жарлығымен. ~U010691.

Қаулы етемін:

"Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 31 тамыздағы N 903 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., N 31, 471-құжат; 1994 ж., N 42, 454-құжат) бекітілген Президенттің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығы туралы ереженің 2-тармағында "Жыл сайын Республика күніне республика бюджетінен үш сыйлыққа дейін (кейіннен индекстелетін етіп әрқайсысы 50 мың теңгеден) беріледі" сөздері "Жыл сайын республика бюджетінен үш сыйлыққа дейін (кейіннен индекстелетін етіп әрқайсысы 750 мың теңгеден) беріледі" сөздерімен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті